

## **Шихтаны алу**

Дайын болған шикізат материалдары негізгі цехтағы шығындалатын немесе аралық бункерлерге түседі. Аздаған мөлшері бақылау елеуіштен өткізу үшін елеуіштің астында орналасқан шығындайтын бункерде сақталады. Шығындалатын бункерден материал автоматтандырылған таразыға, кейін жинақтағыш ленталы конвейрге және араластырғышқа түседі.

Көп таралған тарелка тәрізді, конусты және барабан тәрізді араластырғыштар болып келеді. Арластырған кезде шихта ылғалданады, құмды жиі араластыру алдында ылғалдайды. Шихтаны араластырып болғаннан кейін аралық бункерге немесе контейнерге жібереді, кейін пеште орналасқан тиеуіш бункерге салады.

Өнімділігіне байланысты дозатрлар-араластырғыштар минимум екі ағынды автоматтандырылған жолақтан тұрады. Осы жолақтың біреуінің өнімділігі тәулігіне 500-600 т шихтаны құрайды.

Шихтаны дайындаудың қарапайым әдістерінен басқа дайын шихтаны өңдеудің басқа да әдістері қолданады. Бұл әдістерге гранулдау, алдын ала пісіру, ұнтақтау жатады.

## **Шихтаны есептеу**

Шихтаны дайындау үшін арналған шикізат материалдардың құрамында негізгі заттардан басқа шыны құрамына енетін басқа да оксидтер болуы мүмкін. Сондықтан мысалы  $\text{SiO}_2$  шихта құрамын тек кварцты құммен ғана емес, басқа да шикізат материалдарымен (дала шпаты, әктас, бор, т.б.) енуі мүмкін. Осыған байланысты шихтаны есептеген кезде шикізат материалдарымен енетін компоненттер мөлшерінің қосындысынан алынуы тиіс.

Көптеген шикізат материалдардың құрамында ұшатын заттар бар, олардың мөлшерін де шихтаны есептеу кезінде ескеру керек. Ұшатын компоненттер шыныны пісіру кезінде жойылады (су, газтәрізді құраушылар  $\text{CO}_2$ ,  $\text{SO}_2$  және т.б.). Сондықтан бл компоненттер шихт құрамына артығымен алынуы тиіс.

Шихтаны есептеу кезінде ұшып кететін компоненттерге түзету енгізу керек. Мысалы, шыныны пісіру кезінде артығымен 5-25%  $\text{B}_2\text{O}_3$ , 3%  $\text{Na}_2\text{O}$ , 30-50% F, 5%  $\text{K}_2\text{O}$ , 4%  $\text{ZnO}$  алынады.